

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

- 📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
- ☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
- ✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
- 📘 @official.ukgu.kz
- 📷 @auezov_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М02310-Филология

Тіркеу нөмері	7М02300028
Білім беру бағытының коды мен классификациясы	7М02 - "Өнер және гуманитарлық ғылымдар"
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7М023 - "Тілдер және әдебиет"
Білім беру бағдарламаларының тобы	М060
Білім беру бағдарламасының түрі.	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	қазақ, орыс, ағылшын
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	жоқ
Серіктестік ЖОО (ҚҚБ)	-
Серіктестік ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент 2023

Дайындағандар:

Аты-жөні, әкесінің аты	қызметі	қолы
Тасполатов Бакыт Тохполатович	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент	 —
Әлімбаев Медеу Еркинович	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценты, ф.ғ.к.	 —
Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич	PhD, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы	 —
Нурмагамбетова Нурсауле Абзаловна	қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты	 
Ажидинов Акмалдин Сапардинович	Орталық Азия Инновациялық университетінің бірінші проректоры, т.ғ.к., профессор	 

Білім беру бағдарламасы «Гуманитарлық ғылымдар» дайындық бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды

АК төрағасы  Ыбырайым Ә.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«12» 02 2023 ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Абишева Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«13» 02 2023 ж. № 13 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның концепциясы.....	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты.....	6
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттіліктері.....	9
3.1	Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы.....	11
4.	Пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы мәліметтерге әсер ету матрицасы.....	12
5	Білім беру бағдарламасының модульдер тұрғысындағы игерілген кредиттер көлемін көрсететін құрама кесте.....	33
6.	Оқыту стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау.....	34
7	Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету.....	35
	Келісім парағы	36
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	
	Қосымша 2. Сарапшылардың пікірі	

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Университеттің миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау.
Университеттің құндылықтары	<ul style="list-style-type: none">– ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір;– шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады;– академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет;– серіктестік – барлығы жеңіске жетететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;– әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Бітіруші моделі	<ul style="list-style-type: none">– пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту;– ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;– зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект;– кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік;– жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
ББ бірегейлігі	бағдарлама жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атласына сәйкес әзірленді және құрылымдық кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруға және басқаруға, кәсіби қызметтің мақсаттарын дербес айқындауға, оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдауға және негіздеуге қабілетті көліктік-логистикалық және ғылыми-педагогикалық құрылымдар үшін компетентті мамандарды даярлауға бағытталған.
Академиялық адалдық және этика саясаты	Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды: <ul style="list-style-type: none">– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);– Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);– «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту туралы (14.07.2022ж. №144-нқ бұйрығы).
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none">1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007ж. №319-III;2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен

бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
 4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;
 5.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.
 6.ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.
 7.Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы №45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.

Оқу процесін ұйымдастыру

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;
- Білімалушыға бағытталған оқыту;
- Қол жетімділік;
- Инклюзивтілік.

ББ сапасын қамтамасыз ету

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;
 ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;
 жүйелі мониторинг;
 Мазмұн өзектілігі (жаңарту)

Қабылдау талаптары

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға жіберудің типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 600 бұйрығына сәйкес орнатылған

Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары

Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <http://lib.ukgu.kz/> тәулік бойы жұмыс істейді.

Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Білім мен ғылымның жоғары стандартына сәйкес келетін, нарықта сұранысқа ие, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ақпараттық ортада бағдарлай алатын, ғылыми, білім беру саласындағы мәселелерді шеше алатын тіл білімі магистрлерін даярлау
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - заманауи филология ғылымы саласында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алу дағдысын қамтамасыз ету; - заманауи зерттеу технологиялары мен әдістерін игеруді қамтамасыз ету; - бітіруші түлектердің кәсіптік салада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандық бойынша тезірек жұмысқа орналасу мүмкіндігін жасау; - филологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және іргелі зерттеулер жүргізу дағдысын дамыту; - қазіргі филология ғылымындағы өзекті мәселелердің және заманауи ғылыми зерттеулердің жай-күйіне сыни талдау жүргізу қабілетін қалыптастыру; - қазіргі филология ғылымы бойынша терең білімін қалыптастыру және заманауи ғылыми зерттеулерге талдау жасай алу қабілеттілігін қалыптастыру; - ғылыми жобалар жасауға дағдыландыру, жоғарғы нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерді қазіргі заманғы ғылыми парадигмалар мен ғылыми-зерттеу технологиялары негізінде орындау дағдысын қалыптастыру; - қоғамдағы әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды ұстану; - жоғары интеллектуалды дамуға жағдай жасау, сауатты сөйлеуге машықтандыру, тіл білімі мен әдебиеттану бағытында ғылыми зерттеу жасау және ойлау мәдениеті дағдысын қалыптастыру; - түлектердің кәсіптік салада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандық бойынша тезірек жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе білім берудің келесі деңгейінде үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • Dublin Descriptors 7 -шы біліктілік деңгейі; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Кәсіби қызметтің бағыттары ғылыми-зерттеу, практикалық және кәсіпкерлік қызметті қамтиды.
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M02310–Филология» білім беру бағдарламасы бойынша

	«филология ғылымдары магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	7M02310 – Филология мамандығы магистрі журналистика саласында, ЖОО-да оқытушылық қызметте, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу мекемелерінде кәсіби қызмет түрлерін атқара алады. 7M02310 – Филология мамандығы магистрі филология бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу, мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізу, білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді жүзеге асырады.
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> - білім беру мекемелерінде филологиялық пәндерді оқыту; - филология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу; - мекемелерде мемлекеттік және орыс тілдерінде іс қағаздарын жүргізу; - аудармаларды жүзеге асыру; - сөз мәдениетіне қатысты тренингтер жүргізу; - келіссөздер жүргізу бойынша мастер-класстар өткізу; - соттық-лингвистикалық сараптамалар жүргізу.
Кәсіби қызметтің нысандары	<ul style="list-style-type: none"> - білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті органдар. - жоғары оқу орындары; - ғылыми-зерттеу институттары; - білім жүйесінің қызметкерлерін қайта дайындау мен біліктілігін арттыру институттары; - білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті органдар. - газет және журнал редакциялары, радио және теледидар, баспалар.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> - білім алушылардың білімі мен тәрбиесін инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды қолдана отырып ұйымдастыру; - ЖОО-ның білім беру процесінегізінде зерттеушілік жұмыстарды және орта білім беру мен кәсіптік білім беруді ұйымдастыру; - уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың инновациялық процестердің сүйемелдеуімен
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдары; - ғылыми-зерттеу орталықтары; - филологиялық білім және басқа да білім беру ұйымдары жүйесінде. - газет редакциялары, радио және теледидар; - мемлекеттік басқару органдары.
Оқыту нәтижелері	ОН1. Жүйелі ғылыми дүниетаным негізінде және ғылым тарихы мен философиясы саласындағы білімді пайдалану арқылы кешенді зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру. Әр түрлі ғылыми бағыттар негізінде жинақталған білімді интеграциялау, жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдарын түсінуге сүйене отырып, пәнаралық байланыста зерттеу

	<p>ұстанымдарын жүзеге асырады;</p> <p>ОН2. Кәсіби ортада шет тілінде тілдесу, бірегей әдеби дереккөздерді пайдалану, академиялық адалдық қағидаты негізінде ғылыми қоғамдастыққа өзінің бірегей идеяларын хабарлау;</p> <p>ОН3. Ғылыми таным әдіснамасының негіздерін филология саласындағы іргелі білімдерін көрсете отырып, әртүрлі тілдердегі номинациялар тәсілдерін, заманауи үрдістерді, өзекті проблемаларды, оның ішінде тілдің лингвистикалық аспектілерін, оқытудағы инновациялық тәсілдерді салыстырудың базалық тәсілдерімен талдау;</p> <p>ОН4. Ақпаратты талдау, модельдеу және генерациялаудың жалпы және жеке әдістерін пайдалана отырып, әлеуметтік-экономикалық контекстке лингвистикалық сараптама және талдау жүргізу, қазіргі лингвистика бағыттарында бағдарлану;</p> <p>ОН5. Кәсіби қызметтегі лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық ғылымдардың заманауи трендтерін жүйелеу. Белгілі бір жаңа лингвистикалық бағытқа, тұжырымдамаға бағытталған әртүрлі зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тілдік материалды саралау.</p> <p>ОН6. Семантика мен лингвистиканың, әлем тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дамуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ тіл білімінде пайдаланылатын фразеологиялық бірліктердің семантикалық-құрылымдық ерекшеліктерін, сыни бағалау, модальдық, коннотациялық функцияларын практикада қолдану.</p>
--	---

3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS) (Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер)	
1. Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер (өзіндік үйрену және жүйелі ойлау, трансәрттілік, кроссфункционалдылық)	ЖҚ 1.1. Өмір бойы кәсіби және жеке өсуге ұмтылу қабілеті. ЖҚ 1.2. Тандалған траектория шеңберінде және пәнаралық жағдайларда өз білімін үнемі жаңартып отыру, үлкен дербестік және өзін-өзі реттеу дәрежесімен одан әрі оқытуды жүзеге асыру. ЖҚ 1.3. Рефлексияға қабілетті болу, өз жетістіктерін объективті бағалау, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада оқуды жалғастыру қажеттілігін түсіну
Тілдік құзыреттілік	ЖҚ 2.1. Келіссөздер жүргізу және іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби саласында жеткілікті деңгейде коммуникацияға ие болу қабілеті. ЖҚ 2.2. Медиация және мәдениетаралық түсіністік дағдыларын меңгеру қабілеті.
Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	ЖҚ 3.1. Зерттелетін саласында қолданбалы есептерді шешу үшін математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіндіру қабілеті. ЖҚ 3.2. Ғылыми тәжірибелерді орнатуды жоспарлай білу, кәсіби салада ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін біріктіру және ендіру қабілеті. ЖҚ 3.3. Педагогикалық және психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдап, түсіну және оларды педагогикалық қызметте қолдану қабілеті.
Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық	ЖҚ 4.1. Заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін жұмыста, демалыста және коммуникацияда сенімді пайдалана білу қабілеті. ЖҚ 4.2. Сандық құрылғылардың кең ауқымында ақпаратты пайдалану, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және алмасу дағдыларына ие болу. ЖҚ 4.3. Ғаламдық ақпараттық ресурстарды сенімді пайдалану және ғылыми-зерттеу және есептеу - аналитикалық қызметте технологиялық сауаттылықты қолдану қабілеті.
Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ 5.1. Іскерлік этика нормаларын, әлеуметтік және этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға кәсіби қызметте бағдар алу қабілеті. ЖҚ 5.2. Заманауи әлемде мобильділікке, сыни тұрғыдан ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. ЖҚ 5.3. Топта жұмыс істей білу, пікірталас кезінде өз позициясын дұрыс, анық және дәлелді қорғау және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау. ЖҚ 5.4. Қызметтің әртүрлі әлеуметтік салаларында және белгісіздік жағдайында адекватты бағдарлай білу. ЖҚ 5.5. Компромисстерді таба білу, өз пікірін ұжымның пікірімен салыстыру.
Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ 6.1. Көшбасшылық қасиеттердің көрсету және айналасындағыларға оң әсер ету, ұжымды басқара білу қабілеті.

	<p>ЖҚ 6.2. Топтың шығармашылық және іскерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау қабілеті.</p> <p>ЖҚ 6.3. Белгісіздік режимінде және тез өзгертін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, жұмыс шартының өзгеруіне әсер ету, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті.</p> <p>ЖҚ 6.4. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.</p>
Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері	<p>ЖҚ 7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті.</p> <p>ЖҚ 7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.</p>
<p>Кәсіптік құзыреттіліктер (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер</p>	
Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер	КҚ1 магистранттардың жеке қабілеттерін анықтай білу және оларды ескере отырып, оқу үдерісін қалыптастыру;
	КҚ2 ұйымдастырушылық және басқарушылық функцияларды жүзеге асыруға байланысты проблемаларды тұжырымдау және шешу, оларды жүзеге асыру үшін зерттелген ғылымның әдістерін қолдану мүмкіндігі;
	КҚ3 атқарушылардың жұмыстарын ұйымдастыра алу және басқарушылық шешімдер қабылдай білу қабілеттілігі;
	КҚ4 диссертация тақырыбына қатысты аналитикалық ақпараттар даярлауға деген қабілеттілік;
	КҚ5 өз мамандығына қатысты негізгі мәселелерді түсіне білу, әдістер мен оларды шешуге арналған тәсілдерді таңдай білу;
	КҚ6 ғылыми семинарларды, конференцияларды, ғылыми жарияланымдарды дайындау және редакциялауды дайындау және жүргізе білу;
	КҚ7 филология ғылымының таңдалған нақты саласында тереңдетілген білімді көрсете білуге қабілетті болу;
	КҚ8 филология саласындағы қазіргі заманғы бастапқы парадигмаларды және оның даму динамикасын, филологиялық зерттеулердің әдіснамалық әдістері мен әдістемелік жүйесін білуге қабілетті болу.

3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
ЖҚ 1	+		+		+	
ЖҚ 2		+		+		+
ЖҚ 3	+		+		+	+
ЖҚ 4		+	+		+	
ЖҚ 5	+			+		+
ЖҚ 6		+		+		+
ЖҚ 7	+	+	+			+
КҚ1			+	+	+	+
КҚ 2	+		+		+	
КҚ 3	+	+		+		
КҚ 4			+	+	+	+
КҚ 5	+		+		+	+
КҚ 6	+			+		
КҚ 7			+	+	+	+
КҚ 8	+		+	+		

**4.ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРГЕ
ӘСЕР ЕТУ МАТРИЦАСЫ**

№	Модульдің атауы	цикл	компонент	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)					
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
1	Ғылыми және педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы	<p>Мақсаты: Ғылымның тарихы мен теориясы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы, ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістері, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ғылым феноменінің мәселелерін философиялық талдау пәні ретінде қарастырады. Нақты ғылымдардың философиялық мәселелерін, ХХІ ғасырдағы коммуникативті технологиялардың мәнін және олардың қазіргі ғылымдағы рөлін көтереді және сипаттайды.</p>	4	v					
		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	<p>Мақсаты: Мазмұнды қамту дәрежесі әртүрлі шет тіліндегі түпнұсқа</p>	4		v				

					дереккөздерді оқудың негізгі түрлерін меңгеру. Мазмұны: Мамандық бойынша ғылыми тақырыптарға жазбаша хабарламаларды жасау: ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, түйіндеме, шет тіліндегі түпнұсқа дереккөздерді рефераттауды жүзеге асыру, ғылыми мәтінді аннотациялау							
3		БП	ЖК	Басқару психологиясы	Мақсаты: Жоғары білікті мамандардың кәсіби қызметіне қажетті қазіргі заманғы психологиялық ғылымның негізгі тәсілдері мен принциптерін сипаттау. Мазмұны: Іргелі психологиялық ұғымдар, психологиялық ғылымның ғылыми идеясы, психологиялық зерттеу әдістері жүйеленеді. Жеке тұлғаны психологиялық зерттеудің әдістері мен үрдістерін қолдану.	4					v	
4	Оқытудың әдістемелік	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	Мақсаты: Қазақстандағы жоғары кәсіби білім беру жүйесін зерттеу Мазмұны: Педагогикалық	4			v		v	

	негіздері				ғылымның әдіснамасы, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі сипатталады. Инновациялық оқыту негізінде оқу процесін талдау және жоспарлау. Болашақ мамандарды даярлауда оқытудың әртүрлі әдістері мен заманауи нысандарын қолдану. Маманның тұлғасын қалыптастыру, тәрбиелеу және білім беруде жаңа трендтерді қолдану.							
5		КП	ЖК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	Мақсаты: Оқуды өнімді кәсіби іс-әрекет ретінде жобалауға мүмкіндік беру. Мазмұны: Лингвистиканың арнайы пәндерін оқытуға бағытталған, алға қойылған міндеттерді шешудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін білім, білік және әдіс-тәсілдер, ережелер кешені талданады. Оқуды өнімді кәсіби іс-әрекет ретінде жобалауға мүмкіндік беретін белсенді және интерактивті әдістердің жиынтығы ретінде студентке	5			v		v	

					бағытталған оқытудың әдістемелік аспектілері мен инновациялық тәсілдерін қолданады.							
6		БП	ЖК	Педагогикалық практика	<p>Мақсаты: Оқу процесінде теориялық білімде алынған жаңа тәжірибелерді кәсіби қызметте практикалық дағдылармен үйлестіру.</p> <p>Мазмұны: Теориялық білімді, оқу процесінде алынған жаңа әдістерді, филология бойынша кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын, құзыреттері мен тәжірибесін, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеруді бекітеді. Түрлі журналдарда талдамалы материалдар мен жарияланымдар дайындау арқылы БАҚ-пен жұмыс істеудің іргелі білімі мен дағдыларын көрсетеді.</p>	4			v		v	
7	Тіл білімінің негізгі мәселелері	КП	ТК	Функционалды грамматика	<p>Мақсаты: Сөздің мағынасын жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдардың жұмысын жан-жақты талдау.</p> <p>Мазмұны: Тіл құрылымы бірліктерінің қазіргі заманғы функцияларын, әртүрлі тілдік деңгейлерге жататын</p>	6			v		v	

				кұралдардың бірыңғай жүйесінде осы типтегі грамматиканы зерттеуді, грамматикалық бірліктердің өзара әрекеттесу заңдылықтарын, лексика мен контекстті жіктеуді, сөздің мағынасын жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдардың жұмыс істеуін талдайды. Тіл функциясы проблемасының құрылымдық-жүйелік және коммуникативті аспектілерін біріктіру мүмкіндіктерін пайдалану.								
8		КП	ТК	Семасиология және ономасиология	<p>Мақсаты: Семасиология және ономасиологияны негізгі ғылыми ұғымдары мен тілдік материалдарын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Семасиологияның негізгі ғылыми ұғымдарын және тілдік материалды талдау әдістерін, тіл-жүйе деңгейіндегі ономасиологияны және тіл-сөйлеу деңгейіндегі ономасиология зерттеледі. Ономасиологиялық білім парадигмасындағы</p>				v		v	

				әдіснамалық принциптер мен әдістемелік әдістердің ерекшеліктерін анықтау. Ғылыми таным әдіснамасының негіздерін әртүрлі тілдердегі номинациялар тәсілдерін салыстырудың базалық тәсілдерімен талдау.								
9		БП	ТК	Тіл білімінің жаңа бағыттары	<p>Мақсаты: Қазақ тіл білімінің жаңа бағыттары және олардың лингвистика тарихындағы орнын талдау.</p> <p>Мазмұны: Қазіргі лингвистиканың принциптері мен олардың тіл білімінде жүзеге асырылу ерекшеліктерін, XX-XXI ғғ. қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарының мәнін және олардың қазақ филологиясы тарихындағы орнын талдайды. Диссертациялық зерттеуде бастапқы теориялық ұстанымдарды таңдауда осы білімді одан әрі қолдану мақсатында қазіргі филологияның әртүрлі бағыттары мен тұжырымдамаларындағы</p>	6			v	v	v	

				жаңа лингвистикалық пәндердің негізгі ұғымдарын салыстырады.							
10		БП	ТК	Эстетикалық ойлау және тіл білімі тарихы	<p>Мақсаты: Ойлаудың эстетикалық өрісінің проблемаларын сананың эстетикалық қасиеттерін талдау.</p> <p>Мазмұны: Қазақ тілінің қазіргі заманғы теориялық және қолданбалы мәселелерін ұлттық ойлауды білдіруші ретінде зерделеу. Ойлаудың эстетикалық өрісінің проблемаларын сананың эстетикалық қасиеттерін талдау қажеттілігі, ойлау өнерінің мүмкіндіктерін жеке түсінуден және ережелерін жасаудан ойдың пайда болу процесі ретінде қарастырады.</p>				v		v
11		БП	ТК	Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы	<p>Мақсаты: Қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың танылу үрдісін тіл білімінің қалыптасқан кезеңінен бүгінгі таңдағы еңбектерге дейін хронологиялық тұрғыдан қарастыру. Қазақ тіліндегі грамматикалық</p>	5					v

				категориялардың антропоөзектік сипатын көрсету. Мазмұны: Грамматикалық категориялардың қалыптасуына адам болмысы, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушылардың антропоөзекті сипатының объективті жағдаятқа қатысы байқалады. Соның нәтижесі ретінде грамматикалық категориялар түрлі формада тілдік бірліктер арқылы тұрпатталады.							
12		БП	ТК	Қазақ тілінің когнитивті лексикасы	Мақсаты: Әлемнің концептуалды бейнесін тілдегі лексикалық бірліктердің семантикалық түйісулері негізінде түсіндіру. Мазмұны: Семантикалық желіде экстралингвистикалық біліммен бірге тілдік білім де сақталады, себебі концептуалды байланыстар лексикалық мағыналар негізінде жүзеге асады						
13				Зерттеу	Мақсаты: Оқу процесінде	6	v				v

				практикасы	теориялық білімде алынған жаңа тәжірибелерді кәсіби қызметте практикалық дағдылармен үйлестіру. Мазмұны: Ғылыми шығармашылық әдіснамасын пайдалану және кең түсінуді талап ететін дербес ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруді қалыптастырады. Ғылыми - зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешу білігін бағалайды. Белгілі бір зерттеу міндеттеріне негізделген қажетті әдістерді таңдайды.							
14	Тіл білімінің теориялық және әдіснамалық	КП	ТК	Қазақ тілінің фразеологиялық семантикасы	Мақсаты: Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің семантикалық құрылымын, грамматикалық сипатын бағалау. Мазмұны: Тіл білімінде қолданылатын фразеологиялық бірліктердің	6						v

	негіздері				семантикалық-құрылымдық ерекшеліктері, сыни бағалау, модальдық, коннотациялық функциялары. Қазақ тілінің сөздік құрамын дамыту, толықтыру мәселелеріне баса назар аударады, сөз мәнінің, фразеологиялық бірліктердің құрамының, түрлерінің өзгеруіне, сөздіктерді құрастыру принциптеріне және оларды жасау тәсілдеріне назар аударады.							
15		КП	ТК	Семантикадағы лингвистикалық эксперимент	<p>Мақсаты: Лингвистикадағы семасиологияның заңдылықтарын және қазақ тілінің ерекшеліктерін, қазақ тіліндегі мағынаның берілу жолдарын анықтау.</p> <p>Мазмұны: Лексикалық семантикада көрсетілген сөзді зерттеудің негізгі әдісін интроспекция ретінде пайдалану, семасиологтың осы сөзбен өз санасына байланысты психикалық объектілер мен процестерді бақылауы. Семантикадағы Эксперимент дұрыс деп танылған қолданыстарды бақылау негізінде</p>							v

				ұсынылған семантикалық гипотезаларды растауға немесе жоққа шығаруға қызмет етеді.								
16		БП	ТК	Қазіргі қазақ стилистикасының даму бағыттары мен түрлері	<p>Мақсаты: Қазіргі тіл білімінің стилистикалық нормаларын, тіл жүйесінің барлық деңгейлеріндегі қазақ тілінің стилистикалық ресурстарын салыстыру.</p> <p>Мазмұны: Мәтінді стилистикалық талдау мен қазақ тілін дамытудың классикалық және жаңа әдістерін қолдану. Мәдениетаралық қарым-қатынас мәтіндерін редакциялау, тілдік талдау, әртүрлі функционалды стильдердің мәтіндерін интерпретациялауды, сөйлеу түрлерін жіктеуді салыстырады, модель бойынша стилистикалық талдау, зерттеу қызметіндегі жоғары зияткерлік адалдық дағдыларын жүргізеді.</p>	4					v	v
17		БП	ТК	Латын графикасы және графикалық лингвистика	<p>Мақсаты: Графикалық лингвистика және латын графикасы тарихын, жазуды,</p>						v	v

				<p>мәселелері</p> <p>жазбаша белгілерді және жазбаша тілді зерттеу. Мазмұны: Графикалық лингвистика мен латын графикасының негізгі бағыттарын жазу туралы жалпы ғылым ретінде – эпиграфика, палеография, графика, орфография және графемика деп бағалайды. Әр бағыттың ерекшеліктерін, олардың нысанын, тақырыбын, лингвистикалық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін жіктейді.</p>								
18		БП	ТК	<p>Қазақ сөз мәдениеті</p> <p>Мақсаты: Қазақ сөз мәдениетін теориялық пән ретінде коммуникативтік-прагматикалық, лингвомәдениеттанымдық негіздерін анықтау. Сондай-ақ сөздің коммуникативтік сапаларын объективтік түрде анықтаудың теориялық негіздерін іздестіру. Мазмұны: Қазақ сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы</p>	5					v		

				тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен бе байланысты. Халықтың ғасырлар бойы келе жатқан тіліне, оның дәстүрлі нормаларына сүйене отырып арта беруіне зор үлес қосады.							
19		БП	ТК	Сөз қолдану мәдениеті	Мақсаты: Ауызша формаларға тән әдеби тілдің нормаларын меңгеру Мазмұны: Айтылған ойдың мақсаттарына сәйкес тілдік әдістерді қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік пен этиканы көрсету. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варварларды қолдану, көп сөйлеу, бір пікірді қайталау, өзіне сілтеме жасау, жоғары сөйлеу, дене қимылдарын араластыру "сөз мәдениетіне" жатпайды.						
20		БП	ТК	Антропонимиканың теориясы мен практикасы	Мақсаты: Лингвистикадағы антропонимика жүйесінің теориясы мен практикасын зерттеу Мазмұны: Қазақ тіл біліміндегі антропонимика	6					v

				жүйесінің зерттелуіне тарихи-лингвистикалық сипатта ғылыми шолу жасалады. Сонымен қатар қазақ антропонимдерінің ұлттық табиғатын анықтаудың лингвомәдени, әлеуметтік бағытына мән беріледі.							
21		БП	ТК	Топонимиканың теориясы мен практикасы	<p>Мақсаты: Ономастиканың қалыптасуы мен даму тарихын, зерттеу аспектілері мен әдістерін, сонымен қатар ономастиканың өзегі болып табылатын топоним, антропоним, космонимдермен қатар шектік өрістегі онимдерді қарастыру. Сонымен қатар ономастикалық концептілердің ерекшеліктерін, орнын анықтау.</p> <p>Мазмұны: Қазақ тіл біліміндегі антропонимика жүйесінің зерттелуіне тарихи-лингвистикалық сипатта ғылыми шолу жасалады. Сонымен қатар қазақ антропонимдерінің ұлттық табиғатын анықтаудың лингвомәдени,</p>						

					әлеуметтік бағытына мән беріледі.							
22	Тілдің лингвистикалық-грамматикалық негіздері	КП	ТК	Жалпы семантика және тілдік бірліктердің мәні	<p>Мақсаты: Тіл білімінде бар мағына концепциясын нақтылау. Негізгі семантикалық бағыттар мен мектептерді жүйелеу.</p> <p>Мазмұны: Тіл білімінде бар мағына концепциясын нақтылайды. Типологияны және негізгі семантикалық бағыттар мен мектептерді жүйелейді.</p> <p>Психолингвистикада, когнитивтік лингвистикада және т.б. дамыған семантиканы зерттеудің жаңа әдістерін анықтайды. Тіл бірліктерін олардың прагматикасының ерекшелігі тұрғысынан түсіну. Лексика-семантикалық ақпараттың (сигнификативті, денотативті, виртуалды компонент) тілдік мәні мен компоненттері туралы түсінік қалыптастырады</p>	5					v	
23		КП	ТК	Тілдік бірліктердің прагматикасы	<p>Мақсаты: Тіл білімі мен прагматиканың өзекті мәселелерін тілдің семиотикалық аспектілерін</p>						v	

				<p>зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Прагматиканың өзекті мәселелерін тілдің семиотикалық аспектілерінің бірі, сондай-ақ сөйлеуші адамдардың өзара әрекеттесуі ретінде талдайды, қарым-қатынас процесінде сөйлеуші мен тыңдаушының рөлін ашады, тілдік және семиотикалық бірліктердің өзектілігі теориясын, мәдениетаралық қарым-қатынас прагматикасын қарастырады. Олардың прагматикасына байланысты әртүрлі тілдік бірліктердің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырады, мағынаның әртүрлі компоненттерін бөлуді қарастырады: сигнификативтік, денотативтік, прагматикалық.</p>								
24		КП	ТК	Лингвистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	<p>Мақсаты: Лингвистика саласындағы ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын анықтау, зерттеулерді ұйымдастыру және</p>	4			v	v		

				<p>жоспарлаудың теориялық және практикалық маңыздылығын айқындау.</p> <p>Мазмұны: Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық қамтамасыз етілуін қалыптастырады, зерттеу үшін қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін зерттеудің осындай тәсілдері мен әдістерін таңдайды. Ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын анықтайды, зерттелетін проблеманың өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын негіздейді. Гипотезаларды талдайды, қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Ғылыми зерттеулерді жүргізудің әдіснамасымен және әдістемесімен таныстырады.</p>							
25		КП	ТК	<p>Тілді лингвомәдени талдау</p>	<p>Мақсаты: ХХІ ғасыр лингвистикасында тілді ұлттың мәдени коды, қарым-қатынас және таным құралы ретінде талдау.</p> <p>Мазмұны: Лингвомәдениеттанудың ғылым ретінде қалыптасу</p>						

					тарихын суреттейді. Көркем-мәнерлі құралдар негізінде тіл арқылы халықтың менталитеті мен оның мәдениетін аша отырып, тілдің дамуына әсер ететін тіл мен мәдениеттің өзара іс-қимылы туралы түсінікті қалыптастырады.							
26	Мәтін синтаксисі және ғылыми дискурс	БП	ТК	Мәтін синтаксисі	<p>Мақсаты: Ойлау заңдылықтарына сүйене отырып, мәтіннің синтаксистік (оның ішінде интонациялық-ырғақты) ұйымдастырылуын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: тәуелсіз сөйлемдер арасындағы байланыс, мәтін бірліктері (сөйлем, прозалық строфа – күрделі синтаксистік тұтастық, үзінді және т.б.), тұтас сөйлеу туындысы. Синтаксистік мәтін ойлау заңдылықтарына сүйене отырып, мәтіннің синтаксистік (оның ішінде интонациялық-ырғақты) ұйымдастырылуын зерттейді.</p>	5						v
27		БП	ТК	Интертекстуалды теория	<p>Мақсаты: Қазіргі мәдениеттегі интермәтінділік феноменін анықтау.</p>							

				<p>Мазмұны: Интермәтіндік талдау әдістерін зерттейді. Интермәтінділік феноменінің қазіргі теориялық тұжырымдамаларын салыстыру. Интермәтіндік байланыстар мәнінде қазіргі тілді, интертекстуалды өзара әрекеттесулер типтерінің феноменін, қазіргі әдебиеттану терминологиясын қарастырады, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастырады.</p>								
28		КП	ТК	<p>Ғылыми дискурстың тілдік құрылымы</p>	<p>Мақсаты: Ғылыми дискурстың ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшеліктерін, ғылыми коммуникацияның тілдік аспектілерін қарастыру. Мазмұны: Кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін ғылыми коммуникация модельдерін құрастырады, қазіргі теориялық және қолданбалы мәселелерді талдайды, ғылыми коммуникацияны жүзеге асыру үшін, диалогтік және</p>	5			v		v	v

					монологиялық ғылыми сөйлеу негіздерін (ауызша және жазбаша нұсқаларда), сөйлеу әрекетінің техникасын тұжырымдайды.							
29		КП	ТК	Диахрония мен синхрониядағы тілдік бірліктер мен санаттар	<p>Мақсаты: Диахрониядағы грамматика негіздері туралы, қазақ тілінің синхронды және диахрондық факторларын ажырату критерийлері туралы ғылыми түсінік қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Тарихи-филологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдайды; кәсіби қызметті жүргізу үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды жүйелейді, лингвистикалық ой-өрісін кеңейтеді, проблемалық сипаттағы мәселелерді қарауға аналитикалық тәсілді пайдаланады; тіл тарихы фактілерін ұғыну және практикада диахрондық-синхронды талдау дағдыларын қолдану кезінде заманауи трендтерді пайдаланады.</p>				v		v	v
	Ғылыми-зерттеу			Тағылымдамадан	Ғылыми-зерттеу	24					v	v

	жұмысы және қорытынды аттестация модулі/			өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/	жұмысының зерттеу әдістерін нақты қоя біліп, іс-тәжірибенің мақсатына сай қорытындылар шығара білуі.							
				Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Диссертация жұмысын орындау және мақсатқа жету үрдісін басқара алады, мақсат, нәтижелері мен қорытындыға қол жеткізеді. Диссертация жұмысын сауатты рәсімдей алады. Лингвистиканың теориялық негіздерін қолдану, алынған ақпаратты жүйелендіру; жаңартылған бағдарламаға сәйкес сабақтарды оқытудың құрылымы мен мазмұны; индикаторларды әзірлеу әдістері және зерттелетін құбылыстың бағалау критерийлерін біледі.	12					v	v

**5.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН
КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

Оқу курсы	семестр	Менгерілетін модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			Кредиттер саны KZ					Барлық сағаттар	Кредиттер	Саны	
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Дене шынықтыру	Оқу практикасы	Өндірістік/ педагогикалық/ зерттеу практикасы	Қорытынды аттестация			экз	Сараланған сынақ
1	1	5	-	5	2	29	-	-	-	-	900	30	7	1
	2	5	-	1	4	27	-	-	1	-	900	30	4	2
2	3	4	-	-	3	28	-	-	1	-	900	30	3	2
	4	1	-	-	-	0	-	-	-	-	900	30	-	1
Итого			-	6	9	84	-	-	2	-	3600	120	14	6

6. ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

<p>Оқыту стратегиясы</p>	<p>Студентке бағытталған оқыту: білім алушы – оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы. Тәжірибеге бағытталған оқыту: практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу; инновациялық технологияларды қолдану: проблемалық оқыту; кейс-стади; топта және креативті топта жұмыс істеу; пікірталастар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар; рефлексия, жобалар, бенчмаркинг әдістері; Блум таксономиясы; презентациялар; параттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану; мультимедиялық оқыту бағдарламалары; электрондық оқулықтар; сандық ресурстар. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.</p>
<p>Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Пәннің әр тақырыбы бойынша ағымдық бақылау, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (силлабусқа сәйкес). Бағалау формалары: сабақтарда сауалнама жүргізу; пәннің тақырыптары бойынша тестілеу; бақылау жұмыстары; өзіндік жұмыстарды қорғау; пікірталастар; тренингтер; коллоквиумдар; эссе және т. б.</p> <p>Бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет аралық бақылау. Аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Өткізу нысандары: * тестілеу түріндегі емтихан; * ауызша емтихан; * жазбаша емтихан; * аралас емтихан; * жобаларды қорғау; * практика бойынша есептерді қорғау. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау.</p>

7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

<p>Ақпараттық ресурстық орталық</p>	<p>Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залдары, 2 электрондық ресурстық орталықтар (ЭРЦ) енеді. АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модульді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалы қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.</p> <p>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kz сайтында пайдаланушыларға қолжетімді электронды каталогта көрсетілген.</p> <p>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат» тақырыптық деректер қоры жасалған. Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/ppp сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.</p> <p>Каталогтар электронды түрде өңделеді. ЭЖ 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».</p> <p>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын: каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz web-сайты арқылы ұсынады.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді: «SpringerLink», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Акнурпресс", «Smart-кітап», «Kitap.kz» және т.б.</p> <p>АББО ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p>Материалдық-техникалық база</p>	<p>7М02310-Филология мамандығының магистранттары Тәжібаев көшесі 2, №8 оқу корпусында оқиды.</p> <p>Оқу корпусының жалпы ауданы - 9506,2 ш. м., пайдалы ауданы-5627,2 ш. м. құрайды.,</p> <p>дәрістік аудиториялар - 3 (№201 - 125,82 ш. м., №301-124,70 ш. м., №10 - 57,37 ш. м.),</p> <p>практикалық және семинар сабақтарына арналған аудиториялар - 6 (№ 206 -31,72 ш. м., №207 - 14,76 ш. м., № 407-31, 08 ш. м., № 314-33, 32 ш. м., № 104 – 35,50 ш. м., № 106 – 50,12 ш. м.),</p> <p>мультимедиялық кабинет 2 (№407 -31,08 ш. м., № 206 -31,72 ш. м.),</p> <p>компьютерлік сыныптар - 2 (№106 - 50,12 ш.м., № 409 - 32,14 ш. м., ЭРЦ-118,8 ш. м.).</p>

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

7М02310 - "Филология" білім беру бағдарламасы

АқМЖД директоры  А.С.Наукенова

АҒД директоры  Ұ.Б.Назарбек

ККД директоры  Т.С.Бажиров